

Павлодар облысының аудандары мен қалаларына ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі субсидия көлемдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 мамырда № 3838 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 3 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 26.05.2015 № 3 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі № 237 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесінің 8-тармағына сәйкес **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Павлодар облысының аудандары мен қалаларына ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі субсидия көлемдері осы шешімінің қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы

Д. Тұрғанов

Павлодар облысы әкімінің
2014 жылғы 16 мамырдағы
№ 3 шешіміне
қосымша

Павлодар облысының аудандары мен қалаларына ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі субсидия көлемдері

--	--	--	--	--

Р/с №	Аудандар мен қалалар атауы	Суару түрлері бойынша критерийлер	1 текше метрге субсидиялар көлемі (Төленуі тиіс субсидия бекітілген тарифке %-бен)	5
1	2	3	4	5
1	Ақсу	Механикалық көтерумен жаңбырлату Екі жақты механикалық су көтергіш	70	129000000
2	Павлодар	Механикалық көтерумен жаңбырлату	70	44000000
3	Екібастұз	Екі жақты механикалық су көтергіш	80	27000000
	Жиыны			200000000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК